

ИСАТАЙ БАЛМАҒАНБЕТОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Талғатқызы Гүлханым, Зейнуллаева Жанна gbazarbaiqyzy@mail.ru Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 3 курс студенті. Атырау қ. Қазақстан Республикасы. Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр – Исмурзина Г.Б.

Исатай Балмағанбетов, «Атырау» газетінің бас редакторы, Қ.Р Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисті туралы зерттеу жұмысымыздың алдында тұрған міндет белгілі журналистің Атырау жерінде еткен өлшеусіз еңбегі туралы болмақ. «Түйенің артқаны алтын, жегені -жантақ» дейтіндер де бар. Шынында да бұл әлеуметтік желіден бұрын-ақ, көргені бейнет болған барлық журналистерімізге ғана емес, Балмағанбетов Исатай ағамызға да берілген шынайы баға. Әлеуметтік желі, бүгінгі ақпарат айдынындағы ең бір табанды, тұғырлы тұтқа болып тұрғаны жасырын емес. Едел-жедел ақпарат алмасуға да қолайлы болғандықтан, жұрт әлеуметтік желіге көбірек иек артады. Атыраудың азаматы, ақпараттың айбары, журналистиканың жүйрігі, жақсылардың жалғасы, жайсаңдардың жолдасы, қабілеттінің қарапайымы, қадірлінің қалаулысы, Алматы мен Атыраудың арасында шеберлігі шындалған Исатай Балмағанбетов - өңірлік ақпаратты, өмірлік ақпаратқа айналдыра білген, жүйрік журналист, парасатты публицист. Осы жоғарыда берілген әрбір анықтамалық жайдан- жай жапсыра салынған жарнама емес, журналист Исатай Балмағанбетовтың шын келбеті. Журналистің сөз саптасы, жүрегінен түскен із. Исатайдың жүрек ізі, өзі журналистік факультет бітірген 1983 жылдың жазынан бері қарай жосылып жатыр. Қазақтың Ұлттық университетінің есігіне келместен бұрын бала Исатай Фариза Оңғарсынова жетекшілік еткен «Қазақстан пионері» газетіне ай құрғатпай шығып тұратын. Одан соң «Жас Алаштың» жалаулы найзасын қолға алып, батыс аймақтағы тілшілер қосынынан шықты. Айдынды 52 «Атырауды» басқарды. Айбынды «Алтын орданы» басқарды. «Ақ Жайықтың» қазақ қағанатына иелік етті. Бертінде ақпарат үйінен отау құрған «Сарайшыққа» туын тікті мұның бәрі профессор Бауыржан Омаровтың сөзі. Ізінде осындай іздеушісі бар Исатай тегін Исатай емес. Оның мың жазбасының ішінен бір жазбасына ғана көз жүгіртейікші. «Жазушының жан сыры» деп аталатын кітапта жазушы Рахымжан Отарбаевтың жан дүниесі, жазушылық портреті, шеберлікпен берілген. - Айналайын, ел іші-алтын бесік деген осы ғой, тал бесігімде қайта бір тербеткендей болды-ау. Жазушы Рахымжан жастайынан алдынан шыққан қандай да бір тағдыр талқысына да шыдас беріп, айтысқанмен айтысып, тартысқанмен тартысып, шар болаттай шындалған өзін әмсе қаттымын, деп ойлаушы еді, бұл жолғы мына көрініс көңілдің көк дөненін аспанға атылта тебірентіп-ақ кетті. Көш жерден күтіп алған ауданның атқамінерлері мен зиялы қауымы көк майсалы көл жағасына тігілген ақбоз үй, ақ дәмін ұсына қарсы алған, қазақы ұлттық киімдегі бойжеткендер, іле ән әуелетіп, би дөңгелеткен балғын өнерпаздар. Бәрі-бәрі жан жүрегін елжіретіп, жүрегін елжіретіп, жанарын жасқа толтырды. Бірақ қанше дегенмен, ойы сұңғыла, толғанысы тоқсан тараулы қаламгер ғой, көз жасын сыртына шығармай, өзін тежей білді. Теңіздің дәмі тамшыдан дегендей, жазушының жан сырының шып-шып шықпаған несі қалды? Бұл журналист Исатай Балмағанбетовтың қалам қуатының тасқыны демеуге бола ма? Амангелді ауданының әкімі Амангелді Барақатов Рақа, атақ абыройыңызды алыстан естіп жатамыз. Туыңдыларыңыз елімізден асып, әлем аралап кетті. Қазақ әдебиетінің классигі Жұмекен ағамыздан кейін, Қошалақтан шыққан көрнекті қаламгер деп танимыз, сізді. Ендеше туған аулыңызға қонақ болып келетін, жерлестеріңіздің ыстық ықыласына бөленетін шақ туды. Шақырамыз, қошаметпен қарсы аламыз, -деген еді ағынан жарылып. Осы жолдарға тінткілей қарап отырғанда алғаусыз

шындықтың тарс -тұрс етіп, өз орнына түсіп жатқанына тәнті болдық. Көлгірсу жоқ, көсемсу жоқ, болғанды болғандай орнына қою дерекпен, дәйекпен сөйлеу - Балмағанбетов идеясының басты қазығы болғанға ұқсайды. Жазушының жан тәніндегі ерекшелікті дөп басып, қақпанға түскен қояндай шыңғыртады. Міне осындай творчестволық тапқырлық Исатай ағаны 100 журналистің ізінен сүйреп шығарып, бүгінде Атыраудың ақпарат айдынында еркін жүзердей етті. Содан да шығар, 1983 жылы Қаз МҰУ-ды жаңа бітіріп келген жас маман, бүгінде бас маманға айналды. Бүгінде Балмағанбетов Исатай туралы дерек іздесеңіз :1961 жылы Атырау облысы, Жылой ауданы, Қаратон аулында дүниеге келген. Қаз МҰУ-ды бітірген. Облыстық «Атырау» газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі «Лениншіл жас» газетінің Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша меншікті тілшісі. Тәуелсіз «Ақ Жайық» газеті редакторының орынбасары, «Алтын орда» газеті бас редакторының бірінші орынбасары,1992-1995 жылдары және 2005 2007 жылдар аралығында Атырау облысы теле радио компаниясында жауапты редактор болған. Қазіргі кезде «Алтын орда» газетінің директоры, бас редакторы «Сарайшық» журналының бас редакторы. Міне осы жолдардағы қызметтің барлығы Исатай Балмағанбетовтың жүріп өткен жолдары. Мына бір мақалаға көз тігейікші, бұл мақала 2023 жылы 31 сәуір күні жарияланыпты Жариялаған «Атырау» газетінің 2010-2020 жылдардағы бас редакторы Исатай Балмағанбетов. Ғасыр тойың құтты болсын, «Атырауым» деп аталған мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі тұңғыш қазақ газеті –облыстық «Атырау» қоғамдық саяси газетінің тұңғыш номері «Ерік» деп аталғанына 100 жыл толыпты. Сол жүз жылдың он жылында Исатай ағамыз газетті басқарып отырса, отыз жылында осы газеттің бар тауқыметін арқалаған журналистердің қалың ортасында келеді.Туған газетінің ғасырлық тойын, туған перзенттері қуанышпен атап өтпей ме? 2023 жылдың 31 наурызы күні, белгіі қаламгерлер «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қазақстанның құрметті журналисті Тендік Жауыров пен Қазақстан Журналистер Одағы Құрмет грамотасының иегері , бірнеше кітаптың авторы , фельетон жанрының хас шебері Нұриден 53 Мұфтахтың құрметіне олардың туған үйлеріне орнатылған ескерткіш тақтаны ашудан басталып кетті деп қуана хабарлайды. Исатай әрбір жаңалық пен жақсылықты тез жеткізуге асығады. Қазақ өнерінің шоқтығы биіктеп, мәртебесі асқан күн! деп асқақтата жеткізеді. Әйгілі композитор, өнер зерттеушісі, жазушы Илия Жақанов ағамыз «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды. Ерен еңбегінің бағаланғанына қуаныштымыз! Жасай беріңіз, халыққа әлі де береріңіз көп болсын, Илья аға, Тиыш жеңгеміз екеуіңіз жұбыңызды жазбай, ұрпағыңыздың қызығын көріп, ортамызда жүре беріңіз! деп өзіміне шаттанған жолдардан, жанына балаған жақындығы да атойлап жатқандай. Ақ Жайықтың суын бір ішкен қос ұлда алғау бола ма? - Мұнайлы өңірде бұрын соңды болмаған мұндай рухани басылымның бас редакторы Исатай Балмағанбетов. Журналдың мазмұны «Сарайшық» көне шаһар туралы жазылады деген ойдан аулақ болуымыз керек. Журнал тек осы өңірден шыққаннан ғана осылай аталып отыр. Бағзы кезеңде өркениеттің, руханияттың , мәдениеттің ордасы болған шаһар атауын журналдың иеленуі заңдылық.Десек те бұл әдеби, мәдени, тарихи танымдық журнал, оның үстіне республикалық масштабта шығады деген сөзінің өзі Балмағанбетовтың өңір мәдениетіне бей жай қарамайтын адам екендігін көрсетеді.Өңіріміздің байлығымен қоса, адамдарының ішкі рухани мәдениеті де өссе екен деген махаббаттан туған ардақты сезімнен туған құтты қадам. Зейнетке шыққан әрбір зиялының қолынан бұл келмейді. Зиялының зиялысы, кемеңгерлің кемеңгері ғана ел жайын, руханияттың жайын осылай ойласа керекті. Исатай творчествосы туралы осындай әр түрлі мақалалар бола тұрса да, жазушының поэзиялық шығармалары жөнінде әлі жан-жақты зерттеулер болмаған. Исатай туралы бұрын жазылған мақаланың бәрінде де ақынның лирикалары әрбір тарихи дәуірге байланысты алына бермейді. Исатай творчествосындағы басты тақырып – жасампаз еңбек

адамды жыр ету. Заманымыздың ең маңызды мәселелеріне ақын өз творчествосымен қызу өн қосып отырған. Оның шығармаларының ең алдымен баспасөз беттерінде жарқ етіп шыға келетіндігі де кездейсоқ емес еді. Бұл ақынның творчестволық адымы халықтың күнделікті өмірімен сай түсіп отыратындығын дәлелдейді. Исатай творчествосы тақырыбы жағынан болсын, жанрлық жағынан болсын көп салалы, алуан түрлі аса күрделі болып келеді. Ол өзінің ақындық талантын лирика жағынан бастады. Оның лирикасын сөз еткенде, заманымыздың актуальді мәселелерін қамтитын саяси лириканың басым екенін атап айтуымыз керек. Ақындық таланты, әсіресе осы салада яғни саяси лирикада ерекше көзге түседі. Ол шынында да сол дәуірдегі ерекше маңызы бар саяси әлеуметтік мәселе - әйел теңдігін де өз жырларына қосты. Әдебиет тұрғысынан асақ, осы кездегі жаңа өмір үшін күресуші, ұнамды кейіпкердің образын жасауды керек ететін үлкен тақырып болатын. Бұл тақырыпқа Исатайдың те өзінің әсерлі шығармаларын әйел теңдігі үшін белсене күресу, қызды қалың малға сатудың озбырлық мәнін ашып көрсетті. Исатай халқымыздың игі жақсыларымен, дос- туыстарымен кездескен, көрген-білгендерін қағаз бетіне дер кезінде түсіріп отырыпты. Исатай Балмағанбетовтың «Жазушының жан сыры» атты кітабы жарыққа шықты. Алматы қаласындағы «Арнұр» баспасынан Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату», қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрген аталған жинаққа әлеуметтік ой-сана, ұлттық рух, өмір мен тұрмыс түйткілдері, сондай-ақ замандастарының адамгершілік қасиеттері хақында және экономика тақырыбына жазылған публицистикалық туындылары топтастырылған. Кейбір публицистикалық туындылар бірсарындылығымен, санаға салмақ салатын сандар мен фактілерден тұратындығымен жалықтырып жіберетіні ақиқат. Ал, «Жазушының жан сыры» оқырманды өзі жетелеп отырады екен. Бас алмай, бір демде оқып шыққаннан кейін, осыншама қыруар дүниені көркем де қызықты етіп жазған қаламгердің 54 шеберлігіне таңдай қағып, таңырқамасқа лажыңыз қалмайтыны ақиқат. Публицистикалық жинақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіптің «Қаламы қарымды Құндызбайұлы немесе автор туралы сөз» деп аталатын алғысөзбен басталады. «1978 жылы ҚазМУ-ге бірге түстік. «Горный гигант» алманы бірге тердік. «Саяхаттың» түбіндегі орыс кемпірдің пәтерінде бірге жаттық. Ақпарат саласында қатар қызмет еттік...» деп басталатын кітаптың кіріспесінде достық, жолдастық туралы жып-жылы жазылған жолдар жүректі тебірентеді. Автордың университет қабырғасында қалай оқығаны, шығармашылық жолы шебер өрілген. Исатай Құндызбайұлының кітапқұмарлығы, үнемі оқу, іздену, білім игеруге деген үздіксіз ұмтылысы – бүгінгі жас буынға керек қасиеттер. Адам өмірі бір ғана түстен тұрмайды, жаңбырдан кейінгі көкжиекте керілген алуан бояулы кемпірқосақты көріп пе едіңіз?! Өмір жолы да сол кемпірқосақ тәрізді, бірде ақ, бірде жасыл, бірде көк, бірде сары түсті еншілейді. Мәселен, жасыл түс – жаныңыздың жадыраған шағымен байланысты болса, қызыл түс – күрестің, жеңіске ұмтылудың символы. Ақ түс адалдық пен адамгершілікті танытса, сары түс – сағыныштың, мұң мен наланың да адам тағдырында орын алатынын көрсетеді емес пе?! Сол сияқты, біздің кейіпкеріміздің де өзіне ғана тән тағдыры, күресі, жеңісі мен жеңілісі, мұң-қайғысы мен қуаныш-шаттығы туралы қысқа ғана кіріспеде жақсы айтылған. Кітап бес бөлімнен тұрады. «Ұстаз туралы сөз» деп аталатын бірінші бөлімі қазақ журналистикасының атасы атанған, аты аңызға айналған Тауман Амандосовқа арналыпты. «...Өз басым қазақ журналистерінің толайым буынына Ұлы ұстаз болған екі адам болса, соның бірі, жалғыз болса, тап соның өзі Тауман Салықбайұлы Амандосов деп сеніммен айтар едім» деп бастайды ол көркем очерктің кіріспесін. Аталған

туындыдан ұстазға деген шәкірт махаббаты, рухани әкесіне айналған адамға деген сарытап сағыныш, қазақ журналистикасының негізін салушыға деген шексіз құрмет оқырманның бетіне лап етіп, жалындай шарпиды, жүрегін сыздатып, көзіне жас алдырады. Міне, қаламның, тасқа басылған сөздің құдіретті күші деген осы! «...Тауман ағаны тұңғыш көруім де сол ғылым мен білімнің қара шаңырағы – ҚазМУ-дің даңғарадай аудиториясында болды. Әскерден шынығып келгені, қой бағып, күнге тотыққаны, мен сияқты онжылдықты бітіре сала оқу іздегені бар – елу көгенкөзге аяғын сылти басып кірген жайдары жүзді жігіт ағасы баяғыдан білетін ауылдағы өз көкеміздей көрінгені рас» деп әңгіме желісін әрі қарай жалғастыра түседі. Осынау тірлікте адамзат көшін алға сүйреп кете жатқан ұлы күш – махаббат болса, оның өзі де Отанға деген махаббат, ата-анаға деген, сүйген жарға деген махаббат болып бөлінетіні рас. Ұстазға деген махаббатты Исатай Құндызбайұлының аталған еңбегінен сезіндік. Кейде адам баласы жүрегіндегі сезімін, біреуге деген ыстық ықыласын, алғаусыз пейілін ақжарқын көңілмен алдына жайып сала бермейді. Қамшы сабындай қысқа ғана ғұмырды мәңгілік деп санап, кейін бір айтылар, кейін бір жазылар деп жүргенде бармақ тістеп қала беретініміз де жасырын емес. Ал, біз сөз етіп отырған туынды авторы жүрегінен ақтарылған ақжарма тілекті жасырмай, көл-көсір етіп оқырманға ұсына білген екен. Көркем публицистикаға құлаш ұрудың өзі де қиынның қиыны. Негізі, публицистика - кез-келгенге жалынан сипата қоймайтын, өзіндік асаулығы мен өзгеше сыр-сипаты бар ерекше жанр. Біздің кейіпкеріміз осы шу асауды жүгендеп, бас білдіріп, ыңғайына көндіріп алған сыңайлы. Біз сөз етіп отырған «Ұстаз туралы сөзінде» Тауман Амандосовтың үміт күткен шәкіртіне жасаған әкелік қамқорлығын, тілеулестік ниетін, ұстаз бен шәкірт арасындағы жібек жіптей жалғанған сыйластықты көркем әңгіме сияқты етіп, оқырманға жеңіл әрі қызықты баяндаған. Шығарманың біз айтып кеткен экспозициясынан кейін тартылған сюжеттік желі оқырманды бірден баурап, жетегіне ілестіріп жүре береді. «Балмағамбетов, - деді де, орнымнан тұрған маған сынай көз тастап, сөзін жалғастырды. – Сенің ата-бабаларыңның бәрі де мұнайшы емес пе? Сен неге журналистикаға келдің, политехқа бармай?» бұл - Ұлы ұстаздың алғаш көрген шәкіртіне сынай тіл қатуы. «- Аға, мен сол 55 мұнайшылар туралы жазу үшін осы мамандықты қаладым, - деп дүңк еткіздім» деуі де он жетідегі бозбаланың максималистік дүниетанымын жеткізуде үлкен рөл атқарып тұрған деталь. Ал, Тауман Салықбайұлының сол күннен бастап, 3-курсқа дейін Балғымбаев деп атап жүргені, 3-курста өз кафедрасына бөлгенін айта отырып: «Әй, сен сөзің үндемейсің ғой, жасық болма, Балмағамбетов» деп рух бере сөйлегенінің өзінде де үлкен мән, ерекше астар бар екені айқын аңғарылмай ма? Өзі болашағынан үміт күткен шәкіртіне жігер беріп, намысын жаныған ұстазының: «Екі жыл бойы «менің фамилиям олай емес» деп бір ауыз сөз айта алмадың, ал, мен сенен соны күттім. Байқауымша, сенде бір қауызы ашылмаған бұйығылық, ойынды айта алмайтын ұяңдық бар. Содан арыл» деген сөзінің өзі неге тұрады. Әрі қарай ұстаздың өз шәкірттерімен ара қатынасын публицистикалық стильде баяндай отырып, қайтадан көркем әңгімелеуге кезек береді. Әңгіме жазып, алдына алып барған шәкіртінің аяқ алысын байқау үшін қазақтың эстет сыншысы Зейнолла Серікқалиевпен таныстыруы, ол кісінің лекция оқуы, дәріс беруі студенттер үшін үлкен олжа екендігін диалогтар арқылы танытады. Ал, оқуын бітіріп, елге жиналып жүрген шәкіртіне аспирантураға қалу жөнінде ұсыныс жасап, болашағын ойластыруының өзі де Тауман Амандосовтың адами қасиетін биіктетіп, тұлғаландыра түскендей. Бұл жерде сюжеттің дамып, шиеленісе түскеніне куә боламыз. Елде мамандығы бойынша жұмыс жасап жүрген шәкіртінің соңынан іздеу салатын, тағы да оқуын жалғастыруға кеңес беретін де Амандосов. Тіршілік түйткілімен аспирантураға түсудің сәті түспегенімен, республикалық басылымдардың бетін бермей жазған шәкіртінің әр қадамына сүйсіне қарап отыратын да – Амандосов. «Лениншіл жас» газетінің меншікті

тілшісі ретінде Алматыға барған шәкіртіне ұстаздық, әкелік тілеулестікпен, қимастықпен қарап, ақ батасын беріп, жолға шығарып салатын да Амандосов. Туындының шарықтау шегі – ұстаз бен шәкірттің соңғы кездесуі. Ал, қолымыздағы кітап – көркем публицистикалық очерктің шешімі іспетті. Ұстаз аманатын орындай алмағанымен, ол туралы үлкен еңбек, естелік жазуы, қаламын қару етіп мынау алмағайып дүниенің ақ дидарын қорғап келе жатқаны шәкірттік парызын адал атқарғаны емес пе? «Оның жыры шырқалды гимн болып» деген эссесін оқығанда еріксіз жанарға мөлтілдеп жас келеді, жүрек лүпілдеп, беймәлім бір мөлдір мұң жанға қонақтағандай әсерге бөленетініңіз кәміл. Жүмекен ақынмен алғаш танысқан сәтін, ақынның ағалық ақыл-кеңесін көркем де кестелі тілмен нақыштай отырып, сонда қалған сол бір бейкүнә жастық күндерге сағынышпен қайыра көз тастағандай автор. Қайырылмай кеткен киіктей дүркіреп қашқан күндер шіркін пенде баласын шаңына көміп, алға асығып, жүйткіп барады. Осыны бар жан-тәніңізбен сезінесіз, сезінесіз де көзге моншақ-тамшыны іркесіз, ол – даусыз. Эссенің табиғаты лирикаға бір табан жақын болғандықтан шығар, бір деммен оқып шыққанда шөл далада келе жатып, шөліркеген жолаушының жолында кездескен мөлдір бастауға бас қойып, тұнығынан шөлін қандырып, рахаттанып тұрғандай сәтті бастан кешіреді оқырман. «Жазушының жан сыры» - жолжазба-эссе. «Айналайын, «ел іші – алтын бесік» деген осы ғой. Тал бесігімде қайта бір тербеткендей болды-ау...» Жазушы Рахымжан Отарбаевтың өзінің сөзімен басталған осынау туындыға тірлігінде алмас қылыштай өткір мінезімен, теңіздей терең, аспандай биік пәлсапа-толғамдарымен, қазақы қара сөздің қаймағын қалқыған туындыларымен елінің жүрегін жаулап алған қаламгердің туған жеріндегі кездесу кеші арқау болған. Қазақы қара сөзден қара дауыл тұрғызып, туған халқының әдебиетіне мәңгілік ортаймас олжа салған туындыгер туралы сөз қозғау қиынның қиыны екені белгілі. Алайда, Исатай Құндызбайұлы да қаламшәріп киесі бойына құт болып дарыған, жасынан күйкалы сөздің құнарын сезініп, дәмін таңдайда тамсап, талғап өскен болатын. Драматург-жазушы Рахымжан Қасымғалиұлының жан толғанысын, ішкі күйзелісі мен жүрегіндегі шер-наласын бір кісідей-ақ сезініп, жанында жүрген қаламдас інісі болғандықтан, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасына айналып үлгерген рухани ағасын қаламының ұшымен биіктетеді, әспеттейді, қадірін айнала жұртқа сөз арқылы түсіндіреді, мойындатады. Қара сөздің 56 қадірінің қаншалықты биік әрі мағынасының өте терең екенін аталған жолжазба-эссені оқи отырып жан-тәніңізбен түйсінесіз. Мынау бес күндік жалғанға қонақ болып келген пенде шіркіннің тірліктегі мағыналы-мағынасыз өткен күндері туралы ойға батасыз. Эссеист Исатай Құндызбайұлының қаламының жүріктігі қызыл тілден түйдек-түйдегімен түскен теңеулерден көрінеді. «Айналайын-ай, отыз жылдан кейін Қошалақтан артымнан іздеп келген бауырым-ай...» деп Рахымжандай інісін кең құшағына сыйғызып, көлдей көңілімен суарған, мейірлі көзқарасымен еркелеткен Жүмекен ағасын Исатай Құндызбайұлы да тірлігінде көрген, талай мәрте жүздесіп, ақыл-кеңес алған. Содан да шығар, кесек-кесек ойлардың шыңырауына шым батып кеткенінді сезбей де қалатыныңыз даусыз. «Сол Жүмекендер туған жерінің осындай құрметін көре алмай кетті ғой. Өттең, жалған дүние-ай. Ең болмаса, сол Жүмекен ағамның аруағы үшін барайын, ол көрмеген қошеметті мен көрейін, елдің ыстық пейілінен бас тартқаным болмас...» осылай толғанған жазушы ағасының жанын сөзбен емес, көзқарастан ұққан қаламгер інісі өлең-жырға бергісіз эссені жазыпты. Қара сөзбен жазылған эссенің «Жүмекен жүрген жолменен» деген алғашқы тарауы осындай күрмеуі жоқ қызыл тілдің кереметін танытудан басталыпты. «Апырай, азды көпті еңбегімді тым дабырайтып жіберген жоқ па өзі?!» деп іштей қынжылған жазушының ойын тап басып, түйсігімен сезіп, қаламының ұшына ілген эссеист дүбір шықса, делебесі қозып, орнында тұра алмайтын жүйріктей жосылта түседі. Публицистің психологизмді де мықтап меңгергенін мойындауға тура келеді. Туған жеріне

әдейі шақыртумен келген Рахымжандай ағасының көңіліндегі толғанысын, жанындағы тебіренісін көзбен көріп, қолмен ұстағандай етіп қағазға түсіріпті. «Халық қошеметі – қаламгер мерейі» деп аталатын екінші тарауында артынан ілесіп келе жатқан дарынды, құймақұлақ, сөз киесін түсінетін жастардың бар екенін жан жүрегімен сезінген жазушының жан қуанышын, ішкі толғанысын қапысыз танытқан. Жолжазба эссенің «Рахымжан көлі», «Мереке аралы» деп аталатын үшінші тарауында қаламгерге деген елдің айрықша ықыласы көрініс тауыпты. «Жаңа» деп аталатын көлге Рахымжандай ұлының есімін берген туған жердің алғаусыз ақтарылған ақжарма пейілін ешбір шашаусыз, жасандылықсыз суреттеген. Мойындаған абзал, Исатай Балмағамбетов - жолжазба-эссенің шебері. Оған дәлел - біз талдап отырған кітаптағы «Санаға сәуле шашқан сапар» тақырыбындағы туындысы. Бұл еңбегінде көрнекті жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың Қырғыз еліндегі театр фестивалі туралы жазған. Шығарма төрт бөлімнен тұрады. «Қошамет құшағындағы толғаныс» бөлімінде қырғыз бауырлардың қаламгерге деген алабөтен пейілі сөз болады. «Ғұмырының ең бір бұла шағында осы Бішкекте тұрып, адамзаттың Айтматовы атанған ұлы жазушы Шыңғыс ағасымен етене дос, ағалы-інілі болып кеткен қайран жастықтың жамалы да, заманы да басқа еді ғой. Онда бәрі жарасымды, ештеңеден қысылу деген жоқ, қайта өрекіген көңілдің көк дөнені аспанға атылып тұратын» деп толғанған эсеист жазушы ағасын аялай әлпештеген, алақандарына салған қырғыз бауырлардың ыстық ықыласы мен ақ ниетіне тәнті болғанын жасырмайды. «Көңілден көңіл су ішеді» дейді қазақ атамыз. Шындығында да мынау көз ілестірмес жылдамдықпен болашаққа тартып бара жатқан Мәртебелі Уақыттың шаңына көміліп қалмай, еңсеңді тіктеп, алға ұмтылу үшін де сондай бір тілеулес жандар керек шығар. «Көпті толғандырған «Тағдыр» бөліміне жазушының «Тағдыр» пьесасының қырғыз театрларында 500 рет қойылғаны арқау болған. Ал, «Айтматовтың ақ батасы» бөлімінде «Адамзаттың Айтматовы» мен қазақтың Рахымжанының ағалы-інілідей рухани бауырластығы, жан жақындығы қазақы сегіз өрме қамшыдай ешбір мінсіз әсем өрілген. «Негізгі кредо жоғары тұрады» деген төртінші бөлімінде жазушының суреткерлік позициясы, алдына қойған ғұмырлық кредосы нақышталады. «Жазушының жан сырын» одан әрі парактай түстік. Әрбір парағы судырап ашылған сайын журналистің беймазалау өміріндегі бізге беймәлім сапарлар туралы жолжазбаларын бас алмай, құныға оқи түскеніміз рас. «Ән қанатындағы Алтынжар сапары» жолжазба-эссесін оқи 57 отырып, Қазақстанның Еңбек ері, композитор-жазушы Илья Жақановпен бірге Ресей жеріндегі күй атасы Құрманғазы мәңгілік дамылдаған Алтынжарға барғанына куә болдық. Илья Жақанов сынды кеудесіне күй тұнған абыз ағасының буырқанған сезімін, алай-түлей болған көңілінің толқынысын психологизм элементтерін қолдана отырып, қағаз бетіне түсіріпті. Өнер адамы жалпы сезімтал болады. Ал, Илья Жақановтай дарабоз таланттың жан дүниесіне бойлау, таланттың табиғатын түсіну - қиынның қиыны. Жалған дүниенің алақұйын кезеңдерін, судай сапырылысқан сезімдер иірімін басынан кешкен, замананың қиямет-қайымын талай жүрегінен өткізген «тумысынан тұмарлы туған тұйғынның» жанында жүріп, онымен иық теңестіре сөз саптаған Исатай Құндызбайұлы - өзін де сол дара тұлғаларға мойындатқан көрнекті публицист. Ескен желдей, көшкен сендей, ағынды судай болып жүйткіген уақыт бедерінде ол жазбаған тақырып қалмаған іспетті. «Ұшқыр ойлы, семсер сөзді Сүлеймен» туындысында облыстық «атырау» газетінің соғыс жылдарындағы бас редакторы С. Сауырғалиев туралы тың деректер келтіріпті. Сүлеймен Сауырғалиевтің қызы Зылиха апаймен сұхбат түрінде өрбіген әңгімеде алдыңғы буын ағаларға деген құрмет, қаламын қару етіп, замана төріне өрлеген әріптеске деген ілтипат тұнып тұр. Қайда салса да алқынбас жүйріктей, публицистиканың қай жанрында да өзіндік стилі дара қалыптасқанын аңғару қиын емес. Очерк, эссе, жолжазба, интервью болсын, әрбір жанрдың ерекшелігін айқын

түсініп, меңгерген публицистің әр жазбасынан су төгілмес жорғадай, өзіне тән қолтаңбасын, тіл құнарын, жазу шеберлігін айқын тануға болады. «Менің редакторларым» естелік очеркінде бұрынғы «Коммунистік Еңбек», қазіргі «Атырау» газетінің редакторлары Құмар Кенжеғалиев, Теңдік Жауырұлы туралы қалам тербеген. «Алдыңғы толқын - ағалар, кейінгі толқын - інілер. Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер» дегендей, өзіне тәлім беріп, журналистік қабілетін шындаған ағаларының есімдерін құрметпен атайды. Есінде қалған әрбір сәтті жаза отырып, оқырманды жып-жылы мейірімге бөлейді. Аталған очерктің үшінші бөлімі «Ағамнан алған алты әсер» деп аталыпты. Исі қазаққа танымал қаламгер Уәлихан Қалижан туралы жазылған бұл дүниеге қанаттас інісіне қаламгер ағасының жасаған қамқорлығы арқау болыпты. «Өгей бала» деген әңгімесінің «Лениншіл жас» газетіне шығуынан бастап, аталған республикалық басылымның батыс облыстардағы тілшісі болып қызметке орналасуы, сол кездегі газет редакторының ағалық ниеттестігі оқырманды да толқытатыны шындық. «Ал, бүгінгі күннің пайымы тұрғысынан қарасам, маған деген сол бір ықыласы Уәлихан Қалижанның әділетті ар тұтатындығының айқын бір көрінісі екен ғой» деп түйіндейді ойын автор. «Сағыныш сазы қалды жүректерде» эссесі Атырау аймағындағы мұнай кен орындарын алғаш ашушы, республикаға еңбегі сіңген геолог-барлаушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғұмырын мұнай-газ өндіру саласына арнаған абыз тұлға Таумұш Жұмағалиевке арналыпты. Тау тұлғалы Таумұштың жан жары Бәтеш Қарпекованың жүрекжарды жан сырын ақтарған жырынан басталған туынды «Әке аманаты» деген алғашқы бөлімінге ұласып кетеді. Сәби Таумұш, арманын әлдилеген бозбала Таумұш, кісілік шыңына өрлеген азамат Таумұштың өрлеу баспалдақтарын жаза отырып, туған жердің әрбір тау-тасының шежіресіне де терең үңіледі, тарих парағын да шаңын бұрқыратып қопарғандай көрінеді. «Алыс ауылдағы абыз» эссесінде толағай тұлғалы Төлеп Тілегенов туралы сыр шертсе, «Сұрапыл жылдардың сырлы шежіресінде» журналист Әбуғали Ғабдуллиннің «Пірім демей, кім дейін» деген жалпы атпен жеке кітап болып шыққан очерктер жинағы туралы ой толғайды. «Атқыштар туралы аңыз» Ұлы Отан соғысының ардагері, Атырау облысының Құрметті азаматы Орынғали Қарасаевтың Ұлы Жеңістің 75 жылдығына жарық көрген «Қазақстандық 312 – атқыштар дивизиясы. Ерлер 58 есімі ұмытылмасын» деген кітабына арналыпты. Қай-қайсысын оқысаңыз да жүректі шым еткізіп кететін өзгеше, сүйекті дүниелер. «Ұлт пен рух» деп аталатын үшінші бөлім «Намыстың көз жасы» деген очеркпен басталыпты. Атақты таэквандошы Мұстафа Өзтүрік туралы жазылған жып-жылы дүние екен. Қысқа ғана ғұмырында аққан жұлдыздай із қалдырған Мұстафа туралы толғаныс арқылы қазақтың жеңілмес рухын, намыс-жігерін жас ұрпақ санасына шегелей түсіндіреді автор. Түркі әлемінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқай да қаламгер назарынан тыс қалмапты. «Азалы жылдардың ащы ақиқаты» очеркі – соның бірден-бір дәлелі. Тарихтың толқымалы тұсында ғұмыр кешіп, алмағайып заманда адаспай арнасын тапқан, солақай саясаттың құрбаны болған алаш арыстары – қазақ жылнамасының қанды жасқа толы парағы. Осыны ұқтырады ол. «Тәуелсіздік – ұлттық рух жемісі», «Тарихымыз туралы тәмсіл» - қазақтың ақтаңдаққа толы тарихы туралы жазылған құнды публицистикалық еңбек. Тарихи деректер мен фактілерді сараптай отырып, автор аналитикалық талдау жасайды. «Қызыл қырғын» нәубетінің зобалаңы, оның ұлтымызға тигізген зардаптары туралы жүректі қанжоса ете отырып, ақиқатты ашып айтады. «Шемен-шер» датыр екен Шейітсайда» деп аталатын толғанысы Исатай батыр кесенесінің құрылысы басталған шақта жарыққа шығыпты. Қара қазан, сары бала қамы үшін «ақырып теңдік сұраған» ерлердің сұраусыз кеткені өзегін өртейді автордың. «Бассыз қалған батырлар» деп аталатын тарауында өзгеше шешімге келеді. Исатай Қиылда өткен шайқаста қаза болса, Махамбет Қараойда қапыда қалған. Бірақ олар қаншама жылдар өтсе де халқының жүрегінен орын алды, «қазақ деген халыққа Бас» болып кетті деп түйіндейді

қаламгер. «Мұнайлы өлке мұнаймайды» деген төртінші бөлімі «Өлкенің өркендеуіне – өрелі үлес» деген сараптамалық очеркпен басталыпты. Жер қойнауындағы байлықты – қара маржан мұнайды ел игілігіне айналдыру жолында еңбек етіп жүрген мұнайшылар өмірінен жазылған осынау үлкен еңбекте бәрі де қамтылған. Мұнайшылардың өмірі, еңбек адамының маңдай терінен татқан ләззәті, қоршаған ортаны қорғау мәселесі публицистің назарынан тыс қалмаған. «Үміттен сенім басым түскен шақ бұл» деп түйіндейді автор. «Жылыойдың жерұйығы болар мекен» деп аталатын очерк Теңіз кенішінде Өркен вахталық кентінің іргетасы қалану салтанатына арналған. Алайда, бір ғана вахталық кенттің іргетасын қалау рәсімін айта отырып, жерұйық іздеген Асанқайғы бабаның Атырау жеріне аяқ басқаны туралы аңыздан бастап, Атырау мұнайының ашылуы, Теңіз мұнай кенішінің игерілуі туралы сараптамалық ой толғамдарын жасаған. «Теңізшевройл» компаниясы қолға алған маңызды жобаларға да экономистің көзімен үңілген. «Құла дүз қалай түледі» деген социологиялық очеркінде туындыгер қазіргі Теңіз кенішінің тарихын әріден қозғайды, «Бір кезде бұл жер тұзды соры бетіне шығып, күс-күс боп жарылып, бедірейіп жатқан құла түз еді» деп толғанады ол. Толғанысында жөн бар. Өйткені оның балалық балдәурен шағы сол құла түзде өтті. «Вагон күркешіктен вахталық қалашыққа дейінгі» аралықтағы мұнайшылардың маңдай тері мен табан ақысын ол бір кісідей-ақ ұғып, түсініп өскен. Әкесі, туыстары мұнайшылар еді өйткені. Тауман сынды ұстазына мұнайшылар туралы жазамын деген уәдесінен айнымаған Исатай Балмағамбетов осы бір құлан жортпас құла түзге деген сағынышын қағаз бетіне түсіруден бір танған емес. Оның кейіпкерлері де осы өңірден шыққан, еңбегімен елге танылған тұлғалар. 1. Атырау өңірінен шыққан журналист Исатай Балмағамбетов өңір тынысын бүкіл қазақ даласына танытуда өлшеусіз еңбек еткен тұлға. Жастар еңбек етудің үлгісін алатындай-ақ кісі. Сондықтан университеттердің журналистика факультетіне осындай тұлғаларды шақыртып, қонақ дәріс бергізу керек деп ойлаймын. 2. Автордың «Жазушының жан сыры» кітабы барлық университеттердің журналистика, филология факультеттерінде оқытылса.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. И. Қ Балмағамбетов. «Жазушының жан сыры» кітабы 2. Бауыржан Омаров «Бас тілшіден жас тілшіге» 3 «Атырау» газетіне 100 жыл мақаласы